Өздеріңізге мәлім, қазіргі кезеңде, топтарда балалар саны көп. Оларды режим кезеңдерінде болсын, оқу әрекетінде болсын, топшаларға бөлген күннің өзінде, толық қанды камту қиындық соқтырады. Осыған байланысты кейбір балалар: оқу процесінде – суретті, затты, бейне сюжетті көре отырып әңгіме құрастыруға, ойын үстінде – ойын шартын, сурет салу жапсыру, мүсіндеу кезінде – техникасын дұрыс меңгермей жататыны байқалды.

Сонымен қатар, көп жағдайда, бірінің жауабын бірі тыңдап құптуға немесе жіберген қателігін түзетуге мүмкіндік болмай қалады.

Осы олқылықтарды шешу, барлық технологияларды үйлестіре, интеграциялауға болатын оқытудың «Балаларды қоршаған орта жайлы күзiреттiлiгiн қалыптастыруда ынтымақтастық технологиясын қолдануды әдістемелік тақырып ретінде енгізу ұйғарылды.

Осыған орай, апробациядан өтіп жатқан бағдарламаның талаптарына негіздей отырып, оның бала бақшада жүзеге асырылуының бүкіл механизмі ойластырылып, тәжірибеге енгізілуде, оң нәтижесі байқалады.

Бұл іс балабақшаның Әдістемелік Кеңесі басшылығымен жүйелі жүзеге асырылады. Бұл технологияның



талаптарына сай белгілі бір тақырыпты меңгеру үшін тапсырма жұп, топша болып бөлінген балаларға беріледі. Мысалы, тіл дамыту оқу әрекетінде: «Сурет бойынша әңгіме құрастыру», «Затты сипаттап беру», «Ертегіні жалғастыр» т.б тапсырманы орындау кезінде, балалар бірінің пікірін бірі жалғастыруға, тыңдай білуге, мазмұндай білуге, серіктесімен бірігіп тапсырманы дұрыс орындауға, кедергі жасамауға, біріне бірі қолдау жасауға деген талпынысы байқалады.

Ал, мысалы: ересек топтарда сурет «Көктем келді», мүсіндеу «Ормандағы кірпілер», жапсыру «Гүл алаңы», математика «Үйлердің пішіндері бойынша көшеге орналастыр» сияқты тағы басқа көптеген күрделі тапсырмалар орындау кезінде алдымен қандай әрекет орындайтындығын, оны қим қорындайтындығын серіктесімен өзара келісіп, қалай сипаттап беретінін ақылдасуы және ортақ істің дұрыс шығуы үшін ынтымақта әрекет етуге деген қызығушылығын байқадық. Нәтижесінде балалардың ойлау, сөйлеу, қабылдау, еске сақтау, зейін, қиял сияқты процестерінің дамуына ықпалды әсері бар екенін психолог та, ата аналар да ерекше атап көрсетуде. Сылбыр балалардың білім алуға қызығушылығы артып, біреуінің байланыстырып сөйлеу тілі шираса, енді бірі әлсіздеу болып тұрған сурет салу дағдылары жетілгендігі байқалады.

Сонымен қатар, жұп болып, кішігірім топ болып, ойнайтын драмалық, қимыл қозғалыс, сюжетті рөлді, үстел үсті ойындарын ұйымдастыруда ынтымақтастық технологиясы әдіс-тәсілдерін қолдану өте тиімді екені, балалардың дербес, тәрбиешінің басқаруынсыз ұйымдаса білу, тапсырманы бөлісе білу ерекшеліктері айқын көріне бастады.

Ынтымақтастық технологиясының ұтымдылығы, оқытудың басқа технологиялары, әдістерімен тоғыстыра алуға мүмкіндік бере алатындығында деп ойлаймыз. Жеке тұлғаны дамыту мақсатында әдіс-тәсілдерді және инновациялық педагогикалық технологияларды, балалармен ұйымдастырылған жұмыс түрлерін, тандап алу біздің басты міндетіміз.

□ Жаңа технологияларды мектепке дейінгі мекемелерге бейімдеу үшін жағдай жасау.

□ Әрбір баланың деңгейін тексерудің және тәрбие-оқу үрдісін технология қағидаларына сәйкес жоспарлаудың жаңа үлгілерін әзірлеп, жұмысқа

енгізу.

□ Жұмыс тәжірибесіне жаңа технологияларды енгізу.

□ Инновациялық технологиялар жүйесін мектепке дейінгі білім беру кеңістігіне ендіру үдерісі кезеңмен іске асырылады.

1. Тәрбиешілердің теориялық іздене-ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру.

Бұл кезең тәрбиешілердің инновациялық технологиялары саласындағы кәсіби педагогикалық құзыреттілігін дамытуға, сондай-ақ дайындалған ортаны инновациялық педагогикасының қағидаларына сүйеніп жасалаған дидактикалық материалдармен бағытталуы тиіс.

2. Тәрбиешілердің практикалық даярлығын және балалардың меңгеру көрсеткішін зерттеу.

3. Жұмыс нәтижелерін қорытындылау.

Осы кезеңде эксперименталдық алаңының апробациясы бойынша нәтижелерін жалпылау және талдау жұмыстары жүргізіліп, әдістемелік материалдары мен дамыту орталарының элементтерінен көрме ұйымдастырылды. Жаңа технологияларды пайдалану кезінде балада өзінің мүмкіндіктеріне сай дамуға деген қызығушылық, жаңа білімді тануға деген құштарлығы оянады, өз әрекетінің нәтижесіне жауапкершілік сезіммен қарайды. Технологияларды қолдану барысында кеңістікті бағдарлау, ойлау, есте сақтау, байқағыштық, шығармашылық қабілеттерін дамытамыз, қол саусақ моторикасын дамытуға, затты бір-бірімен салыстыра білуге, талдау жасауға, баланың өмірге бейімділігін күшейтеміз. Сәбилердің сөздік қорларын байыту, сөздің дыбыстық жағын дұрыс айтуға үйрету, таным қабілетін, шығармашылығын дамытуға жақсы әсер етеді. Жаңа технологияларды пайдалану барысында балабақша ұжымы балалармен, ата-аналармен ынтымақтастықта жұмыс жасайды, ата-аналармен байланыс, қарым-қатынас күшейеді, себебі қосымша қажетті құралдар ата-аналардың көмегімен дайындалады.





МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕМЕЛЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ЗЕРТТЕУ ТӘРТІПТЕРІНІҢ НЕГІЗДЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

А. К. Исина

*«Арина» бастауыш
гимназиясы»*

ЖШС әдіскері

ШҚО Өскемен қаласы

Мектепке дейінгі білім берудің сапасына жетудің ең негізгі стратегиясы болып инновациялық әдістемелер мен технологияларды енгізуді қамтамасыз ететін және де баланың даму деңгейін болжамдап, диагностикалау арқылы мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеудің мазмұнын жаңарту болып табылады.

Қазіргі заманауи кезеңде гимназия ұжымының зерттеу қызметі Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеудің Жалпы білім беретін типтік бағдарламасын апробациялауды және гимназияның даму бағдарламасын жүзеге асыру аясында «Әр тәрбиеленушіні жеке психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу арқылы мектепке дейінгі баланың негізгі құзыреттілігін диагностикалау және қалыптастыру» тақырыбы бойынша инновациялық қызметті қарастырады (2014-2018 жылдар).

Педагогикалық процесті ұйымдастыруда заманауи педагогикалық технологиялар қолданылады: ОТП жекелеу, білім беру саласы аясында бағдарламалық материалдарды интеграциялау, ойын қызметін білім берудің технологиясы ретінде қолдану, денсаулық сақтаудың әдіс-тәсілдері.

Балалармен жұмыс жасауда кешенді білім беруге бағытталған жоба әдісі оқу үдерісін даралап, әр балаға жоспарлау барысында өздік шешім қабылдап, өз жұмысын ұйымдастырып, бақылауға мүмкіндік береді.

Жоба — өздік және ұжымдық аяқталған шығармашылық жұмысты меңзейді, оның нәтижесінің әлеуметтік маңызы бар. Әр жоба негізінде мәселе түйіні бар, оны шешуге әр бағытта зерттеу ізденістерін жүргізу қажет және де оның нәтижелері жинақталып бір бүтін инновациялық жұмыс болады.

Неге жоба әдісі таңдалып алынды?

Мектепке дейінгі балаға сырттай қарап бақылай алмайды, ол жан-жақты көп білгісі келіп, қоршаған ортамен белсенді әрекет етуге талпынады.

Біздің алдымызда, педагог ретінде мектеп жасына дейінгі балаларды сұраққа жауап іздеу барысында өздік жұмысқа ынталандыру, белсенділік, еркіндік дағдыларын дамыту, ақпарат жинау, эксперимент жасау және алған білім, білік, дағдыларын ойын мен сарамандық жұмыста қолдану қабілеттерін қалыптастыру болып табылады.

Жобада білім берудің әр салаларының мазмұнын біріктіруге болады, сонымен қатар, мектепке дейінгі балалар, педагогтар мен ата-аналардың таным-ізденіс жұмыстарын бірлесіп ұйымдастыру үшін үлкен мүмкіншіліктер ашылады.

Жоба қызметін жүзеге асыру үшін дамыту ортасын қалыптастыру.

Бұл — тәрбиеші рөлін түбегейлі өзгерту.

Жобадағы педагог — жоба қызметін ұйымдастырушы, жоба жетекшісі, кеңесші;

Бұл — балада жоба тақырыбын таңдауға еркіндікті қамтамасыз ететін ақпараттың болуы және оны жүзеге асыруы;

Бұл — жобаның нәтижесін рәсімдеуге жағдай жасау және оны талқылау.

Балалармен әріптес ретінде жұмыс жасауды ұйымдастырудың ерекшеліктері:

- ересектердің балалармен бірдей қатысуы;
- балалардың қызметке өз еріктерімен қатысуы (психологиялық мәжбүрлеусіз);
- оқу іс-әрекеті кезінде балалардың еркін қарым-қатынасы және қимыл-қозғалыстары (еңбек кеңістігін лайықты ұйымдастырылған жағдайда);
- бала қызметінің уақытының ашықтығы, шектелмеушілігі (әр бала өз қарқынымен жұмыс істейді).

Біздің ұжым балалардың эксперименттік іс-әрекетінде жаратылыстану ғылыми танымдарын қалыптастыру мақсатында мектепке дейінгі балалардың орта және ересек топтарына арналған танымдық шығармашылық жобалар топтамасын әзірледік.

Біз балаларға қандай жобалар ұсынамыз?

Біздің практикада негізінен зерттеу (шығармашылық) жобалары қолданылады.



1. «**Барлығын білгім келеді!**» - тәжірибелік, эксперименттік жұмыс дағдыларын дамытатын жоба.

Бұл жобаның негізгі мақсаты – орта жастағы мектепке дейінгі балалардың тәжірибе-эксперименттік жұмысының негізін қалыптастыру. Құм, сумен ойындар және басқа да табиғи материалдарды зерттеу — баланың танымдық белсенділігінің бір түрі.

2. «**Мен және табиғат**» жобасы — 5-6 жастағы балаларға табиғаттағы өз орнын табуды жете түсінуге және табиғаттың адам үшін маңызын түсінуге көмектесетін жоба.

3. «**Мен — заманауи әлемде!**» жобасы – әлемнің толық байланысын түсіне алатын, таным қызметінің дағдыларын меңгеріп және өмірлік маңызды мәселелерді шешу үшін ақпаратты пайдалануға көмектесетін жоба.

Бұл жобалардың түпкі мақсаты: оқытудың орталық бағыты ретінде балалардың мәселені қабылдау және шешуге дайындау болған кезде, табиғатпен, адамның табиғаттағы қызметімен танысу жүйелі түрде болғанда ғана балаларда экологиялық сана-сезімінің негізін қалыптастыру және экологиялық білімді олардың күнделікті өміріне енгізу жүзеге асады.

Негізгі тәсілдер:

а) барлық құбылыстардың өзара тәуелділігі және өзара байланысына көңіл аудару мақсатында өз бетімен бақылау және эксперименттеу;

б) әртүрлі бағыттағы ойын жүйелері:

- қоршаған орта объектілерін түсіну және топтастыру ойындары, олардың барлық құрамдастарының біртұтастығын, оның дамуының заңдылықтарын түсіну.

- сезіну арқылы қабылдауды дамыту ойындары (анализаторлардың жұмыстары);

- экологиялық сана-сезімінің негізін қалыптастыруға мүмкіндік туғызатын ойындар;

- ізденіс аясын тарылтуға бағыттау арқылы жағдайды талдау дағдыларын дамыту ойындары;

в) жүйелі талдау.

Жобамен жұмыс жүргізу тәрбиешілердің, ата-аналар мен балалардың ынтымақтастығын көздейді. Жобаға қатысушылардың саны шектелмейді, бір бала немесе түгел топтың балалары қатыса алады; балалардың біріккен зерттеу қызметіне қатысу ықыласын ескеру керек.

Біздің жобалар негізінен ұзақ мерзімді болып табылады. Жыл көлемінде бірнеше жоба бойынша жұмысты ұйымдастыруға

болады.

«Жол жүру ережесін балалар білуі керек!» жобасы

Секцияға қатысушылармен жобаның кезеңдерінің жоспарын құрау бойынша сұхбат.

/әр қатысушыға үлестірме материалдары: жобаның жоспары, жадынама, кеңестер/.

«*Жол жүру ережелерін балалар білуі керек!*» - зерттеу жобасының жоспары

Білім беру салалары:

«Таным», «Қатынас», «Денсаулық», «Әлеумет».

Жобаның мақсаты:

Әлемді толық түсіне алатын, таным қызметінің дағдыларын меңгерген, мектепке дейінгі баланың тұлғасын қалыптастыру.

Жобаның міндеттері /мына жерде 4 білім беру саласының кіріктірілуі, сондықтан 4 білім беру саласының міндеттерін аламыз/

-Балалардың өз денсаулықтарына ұқыпты қарау дағдыларын және жолда қауіпті жағдайлардан құтылу ептілігін қалыптастыру.

-Жол жүру ережелерінің маңызы және балалар мен ересектердің оларды орындамағанда туындайтын қауіптер туралы балалардың түсініктерін кеңейту.

-Ізденіс міндеттерін шешу бойынша белсенді іс-әрекет үрдісінде қарапайым ойлау, қабылдау дағдысын, тілдерін дамыту.

-Балалардың таным қызметіне деген қызығушылықтарын, жол жүру ережелерімен танысу барысында біріккен жұмысқа қатысуға ықыластарын қалыптастыру.

-Ата-аналардың жауапкершіліктерін көтеру және балалардың жол жүру ережелерін орындау үшін білімнің қажеттілігін қалыптастыру.

Жобаға қатысушылар:

4-5 жастағы балалар, тәрбиешілер, ата-аналар және баланың басқа да отбасы мүшелері.

Дайындық кезеңі

Міндеттері:

-Жол жүру ережелері бойынша балалардың ата-аналары берген білім, білік, дағдыларының деңгейін анықтау;

-Зерттеуді қамтамасыз ететін материалдарды дайындау;

-Тақырып бойынша ата-аналармен өзара келісімге келу.



Қызмет түрлері	Мерзімі	Ата-аналардың қатысуы
<p>Эксперимент тақырыбына сәйкес «Таным» аясының құрал-жабдықтарын толықтыру.</p> <p>«Туған қаламның көшелері» тақырыбына мақсатты серуен.</p> <p>Балаларды жол мен тротуарлар туралы жұмбақтармен таныстыру және оларды ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына рәсімдеу.</p> <p>Интеграция негізінде ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті.</p> <p>-«Біздің көше» (Құрастыру, тіл дамыту, қоршаған ортамен таныстыру).</p> <p>-Көркем әдебиетпен таныстыру А.Серікболов «Көліктер», Н.Носов «Автомобиль».</p>	<p>Қыркүйек-Қазан</p> <p>Қазан</p>	<p>Экспресс-тест «Жол жүру ережелері-үлкендер балаларға!»</p> <p>Жоба туралы ата-аналармен сұхбат. Ақпарат бұрышына ата-аналарға тапсырмалар мен зерттеу бағыты бойынша ақпаратты рәсімдеу.</p> <p>«Денсаулық әліппесі»-ата-аналарға арналған ақпаратты құрастыру.</p> <p>«Жол жүру ережелерін балалар білулері керек!»</p> <p>Топта пәндік – дамыту аясын құрудың біріккен қызметі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жол жүру ережелері бойынша әдебиеттерді іріктеу; - жоба тақырыбы бойынша тақпақтар мен жұмбақтар, суретті альбомдар, ашық хаттар; - тақырып бойынша ойыншықтар сатып алу (жол белгілері, көліктер, құрылыс материалдары, т.б.) - жетіспейтін үлестірмелі және көрсеткіш материалдарын жасау. <p>Тапсырма: Өз балаларымен жол туралы сұхбат өткізіп, бір жұмбақ жаттау.</p>
<p>Эксперименттеу кезеңі</p> <p><i>Міндеттері:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> -Жол жүру ережелері бойынша туындаған сұрақтар мен проблемаларды балалармен талқылау; -Жаяу жүрушілер жолдарында нақты болып жатқан жағдайды талқылау; -Зерттеуді қамтамасыз ету - проблемаларды айқындау, дәлелдеу, негіздеу; -Көліктер не үшін керек? -Үлкен жолдағы жаяу жүргіншілердің өтпе жолақ жолы - ол не және не үшін қажет? -Балаларға жол - көлік оқиғасы кезінде шақырылатын қандай шұғыл көмек қызметтері бар екенін білу қажет пе? -Балалардың кінәсінен жолда қандай қауіпті жағдайлар болуы мүмкін? 		



Қызмет түрлері	Мерзімі	Ата-аналардың қатысуы
<p>Мақсатты серуен. Тақырыптары: -«Жол қиылысы» -«Жаяу жүруші жолы» -«Көлік жүретін жол»</p> <p><i>Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті:</i> -«Неге көліктер әр-түрлі?» -«Белгілер не туралы айтады?» -«Бағдаршам сабақтары» -«Біз жаяу жүрушіміз»</p> <p><i>Оқудан тыс қызмет:</i> -Шаттық шеңбері «Менің балабақшаға дейін жолым» -«Жолдардағы оқиға» тақырыбына суреттерді қарастыру.</p> <p><i>Ойын қызметі:</i> -«Біз жаяу жол жүрушіміз»-желілі – рөлді ойын. -«Түрлі-түсті көліктер»-қимыл-қозғалыс ойындары. -«Бағдаршамды жина»-үстел үсті ойыны. -Әңгімемен таныстыру: С.М.Сүгірбаев «Біздің көліктер», О.Д.Дорохов «Заборчик вдоль тротуара».</p>	<p>Қазан Қараша</p> <p>Қараша Қаңтар Наурыз Сәуір</p> <p>Жыл көлемінде</p>	<p>Ата-аналарға балаларымен жол жүру ережелерін қайталап, бекітуді ұсыну.</p> <p>Жол белгілері туралы жұмбақтар мен тақпақтар іріктеп, жаттау.</p> <p>«Жол оқиғалары»- ата-аналар мен тәрбиешілердің суреттер топтамасын жасауда біріккен қызметі.</p> <p>«Өз денсаулығыңды қалай қорғау керек?» тақырыбына ата-аналармен сұхбат.</p> <p>«Біз - жаяу жүрушіміз!»-көрмесіне суреттер салуға көмек.</p>
<p>Жобаның соңғы кезеңі. -Балалардың зерттеу қызметінің қорытындысын жасау.</p>		
<p>«Қызыл, сары, жасыл!»-көңіл көтеру. Фотоальбом «Қозғалыс азбукасы». «Біз - жаяу жүрушіміз!»-көрмесіне суреттер салуға көмек.</p>	<p>Сәуір Мамыр</p>	<p>«Біз - жаяу жүрушіміз!»-альбомын рәсімдеуге қатысу.</p> <p>«Қозғалыс азбукасы» фотоальбомын жасау.</p>



Ақпараттық бұрыш арқылы ата-аналар мен балаларды жоба тақырыбымен таныстырып, яғни жобаның жоспарын бірігіп қарастырып, оның түрін анықтап, жоспарын құруға ұсыныстар енгізулері сұралды.

Жобаның жоспарында балалардың жеке, топтық, ұжымдық қызметінің негізгі түрлері, мақсаттары мен міндеттері анықталды. Жобамен жұмыста ата-аналармен жұмысты мұқият ойластырып, топтың пәндік ортасын ізденіс қызметіне қолайлы етіп ұйымдастырады.


- Жол жүру ережелерімен таныстыруға түрлі-түсті кітаптар сатып алынды.

- «Шығармашылық» аймағына нәтижелі шығармашылық қызмет үшін түрлі-түсті қарындаштар мен бояулар, бояу жаққыштар және басқа да құрал-жабдықтар қойылды.

Эксперимент барысында балалар жол жүру ережелері бойынша суреттемелер (зарисовки) салды.

Нәтижесі

Ересек адамдар мен балалардың серіктестік түрінде оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыруда баланың қалыптасуы, олардың өздік зерттеу белсенділігін айқындауға мүмкіншілік алулары.





МЕНТОРИНГ И КОУЧИНГ В ДЕТСКОМ САДУ «БӘЙТЕРЕК»


Р.Ұ.Тебай

*Директор детского сада «Бәйтерек»
г.Караганда*

Менторинг – это программа обучения, в рамках которой более опытные коллеги (менторы) передают свои знания и навыки молодым специалистам (менти).

Менторинг – это инструмент, который помогает учиться друг у друга. За последнее десятилетие его популярность возросла и применение расширилось. Причин тому множество.

Возникла потребность в поиске и освоении новых, приемлемых для взрослых, форм обучения.



Современное дошкольное образование не может обойтись без новых технологий развития персонала. Одно из таких направлений — **коучинг**.

Представим типичную ситуацию: воспитатели обращаются к директору, методисту с просьбой составить конспект (подготовить собрание, провести открытое занятие, решить ситуацию с родителями и т. п.)

На рабочем месте, где совет является приказом или указанием, личная ответственность сводится к нулю. Это приводит к тайному возмущению в коллективе и даже открытому противодействию.

Коучинг (от английского to coach – тренировать, наставлять) – партнерские взаимоотношения коуча и индивидуума или группы людей, которые приводят к достижению высоких целей и выдающихся результатов, к увеличению эффективности и личностному росту людей.

Считается, что коучинг педагогов дошкольной организации образования является одной из самых эффективных форм подготовки воспитателей к педагогической деятельности образования детей.

Коучинг – это развивающее консультирование. В деятельности детского



сада данная идея может использоваться в виде взаимопосещений опытными педагогами занятий молодых воспитателей, консультаций методиста, приглашения научных консультантов из институтов повышения квалификации и кафедр дошкольной педагогики и т.д.

Разница между привычным консультированием и коучингом заключается в том, что коучинг есть активная форма обучения, направленная на личностную поддержку профессиональной деятельности. Основа данной техники – интерактивное общение, дискуссия (вопрос-ответ), где педагог не получает советов и рекомендаций, а только отвечает на вопросы, которые ему задает коуч, и сам находит резервы и пути для решения.

Вместо или вместе	
Нельзя полностью отказаться от приказов и распоряжений, как и от советов. Но можно и нужно дополнить их (а в большинстве ситуаций и заменить) стратегией, которая называется коучинг. <i>Приводятся два разных способа решения одной и той же ситуации.</i>	
<i>Традиционный вариант</i>	<i>Вариант на основе коучинга</i>
<p>Воспитатель: в моей группе двое детей все время ссорятся и мешают мне проводить занятия. Я не знаю, что делать? Какой совет вы дадите? Совет: вы проводите занятия по подгруппам, разделите детей, и все будет хорошо. Что мы имеем? Есть совет, но на самом деле ситуация не решена: дети продолжают ссориться; остались не выясненными причины этих ссор; воспитательница не научилась справляться с конфликтами в режиме реального времени; ожидание того, что «все будет хорошо», не оправдалось; педагог ждет новых советов. Ситуация подается как жалоба на детей. В способе решения нет профессионального роста.</p>	<p>Воспитатель излагает ситуацию. Директор: «Я сейчас занята, освобожусь через десять минут. Попробуйте точно определить причины ссор, то, как они происходят и как вы на них реагируете». Через десять минут директор возвращается к разговору, но за это время воспитателем уже вольно или невольно проведен анализ ситуации.</p>

Мы получили: рефлексию как основу педагогической деятельности; самостоятельный поиск причин и следствий, а, значит, и тренинг самостоятельности в способах ответственного реагирования. Ситуация становится толчком для поиска педагогических действий, а не жалобой.

От обвинений детей мы переходим к профессиональным действиям. Затем директор и воспитатель могут вместе выбрать один (или несколько) способов действий, договориться о наблюдении за их эффективностью и о встрече для продолжения разговора.

Директор перестает быть «ресурсом», он становится профессиональной коллегой.

В ситуации коучинга управленческими ценностями и целями, а значит и стратегиями, становятся – открытость, честность, осознанность и ответственность. Открытое признание воспитателя становится основой для анализа, долгосрочного профессионального сотрудничества не только с руководителем, но и с другими педагогами, а также с родителями.

Мы понимаем под коучингом форму подготовки педагогов и способ создания условий повышения их результативности в педагогической деятельности, содействие их самообразованию, саморазвитию.

Каждый специалист применяет в своей педагогической деятельности коучинг. Под руководством методиста инструктор по физическому воспитанию, музыкальный руководитель посредством тренингов с участием детей и педагогов, очных и заочных консультаций с воспитателями, мастер-классов, семинаров создают условия для мотивации педагогов к самостоятельной постановке цели, привлечению



коллег к поиску способов и решения педагогических проблем, саморазвитию, самообразованию.

Осознанность и ответственность

Ключевой элемент коучинга – это осознание, то есть собранность и ясность восприятия относящихся к делу фактов и информации, способность определить, что именно относится к делу, а также самоосознание, в частности, понимание, когда и как эмоции и желания искажают наше восприятие действительности.

Эффективные вопросы

Развивать осознание и ответственность можно с помощью вопросов.

Я могу задать вопрос, чтобы решить что-то для себя или предлагая совет (решение) кому-то. Однако если я использую стратегию коучинга, ответы для меня имеют второстепенное значение. Информация не предназначена для использования мной и может быть неполной. Я, как руководитель, всего лишь должен убедиться, что мой педагог владеет нужной информацией.

Ответы всегда подсказывают, как задать последующие вопросы, и в то же время позволяют видеть направление мысли сотрудников.

Создание игровой ситуации

Воспитатель: «Сегодня мы поиграем в пожарников. Знаете, кто это? Это те люди, которые тушат пожар и спасают людей. Как их вызвать по телефону? Правильно, нужно набрать 01. Посмотрите, какие я приготовила вам картинки (анализ сюжетной картины «На пожаре»). Что помогало пожарникам тушить пожар? Значит, если мы будем играть в пожарников, что нам понадобится? А телефон? Сколько телефонов? Два. Один должен быть в доме, а другой у пожарников. Кто хочет быть пожарником? Хорошо, Ваня, Катя, Тема, Света будут в одной команде. Вы все-пожарники. Почему вы захотели ими стать? В игровом уголке лежат разные игрушки и вещи – посмотрите, что вам пригодится. А вы, почему не захотели стать пожарниками? Тогда выберите себе другие роли. Кто будет мамой и папой? Почему? Что вы будете делать в доме: стирать, укладывать малыша спать или готовить обед? Посмотрите, что вы себе возьмете (подбор атрибутов)».

Дети переодеваются берут себе подходящие игрушки, вещи и снова подходят к воспитателю (в роли мам и пап по – прежнему могут выступать несколько ребят, но, в отличие от детей до трех лет, эту роль они должны удержать до конца).

Воспитатель: «Помните, что вы будете делать? Каких игрушек не хватает? Правильно, малыша для мамы и папы. А у пожарников? Что можно использовать вместо шланга: палку, мяч, ленту, сумочку? Выбрали. Чем похожа эта вещь на шланг? Значит, как будто это шланг. Теперь слушайте внимательно. Каждый может заниматься своим делом. Мама с папой заботятся о малыше. Пожарники готовятся к выезду: собирают все необходимое в дорогу, тренируются в ловкости (подвижная игра с кеглями или с обручами). Семья живет в этом доме (отводится место для игры), а пожарники работают в этом здании (отводится другое место для игры). Когда я скажу вам: «Пожар!» - мама или папа должны быстро позвонить по телефону. Что вы при этом скажете? Когда приедут пожарники, что они будут делать? (обговаривают действия и личностные качества, необходимые для всех участников игры)». Игра начинается.

Разбор проблемной ситуации

Проблемная ситуация. Характеризуется наличием противоречия и положительным или нейтральным отношением субъектов взаимодействия друг к другу. Межличностная напряженность невелика. Исход вполне благонадежен.

Ксюша Ф. безучастна к процессу одевания детей в костюмы, сторонится играющих ребят, но все, же любит наблюдать за их действиями в уголке



«Парикмахерской».

Причина. Дома мать очень редко разговаривает с дочерью на данную тему, за собой мало ухаживает, но покупает дочери все необходимые для этой игры игрушки и атрибуты.

В данном случае воспитателю необходимо сформировать у ребенка интерес к игре. Однажды воспитатель может предложить что-то изменить в интерьере групповой комнаты, чтобы она стала более красивой (повернуть в сторону группой комнаты распутившийся цветок, повесить на стены новые картины, рисунки ребят, попробовать украсить детские столики разноцветными салфетками), затем изменить внешний вид (переодеться, завязать бантик или заплести косичку), посмотрев при этом на себя в зеркало. В этой ситуации с изображением красивых вещей, выполнение аппликаций с созданием узоров и т.д.

Игровая проблемная ситуация, направленная на развитие мышления, понимания смысла

В таких ситуациях конкретные случаи из жизненного опыта излагаются как существующие проблемы, которые надо решить, например: «Гулять пойдем? Что с собой возьмем? А машинку возьмем? Может быть, оставим дома? В прошлый раз ты с Сашей подрался из-за машинки. Саша сегодня тоже будет гулять на площадке. Ты опять будешь с ним драться? Нет? Тогда надо взять машинку. Покажи, как ты будешь с ней играть. Саша тоже захочет. Что будем делать? Машинка сломается. Хочешь играть со сломанной машинкой? А Саша хочет? Значит, вы оба хотите играть с целой машинкой? Что делать? Давай подумаем».

Подобные ситуации можно предложить инсценировать на занятиях в детском саду с той целью, чтобы дети потом могли воспользоваться конкретным игровым действием и речевым материалом уже в процессе самостоятельной игры

За занятия по ФЭМП воспитатель вместе с детьми проводит опыт «Объем кружки и сосуда». перед опытом воспитатель говорит: «Дети, вы уже взрослые, скоро пойдёте в школу, вам надо учиться делать всё самостоятельно, поэтому слушайте меня внимательно». Воспитатель даёт словесную инструкцию детям. «Теперь приступайте к работе, работайте тихо, самостоятельно, кто выполнит задание поднимите руку, я к вам подойду и посмотрю, правильно ли выполнено задание»

После подведения итогов выяснилось, что большинство детей выполнили задание.

Анализ проблемной ситуации, возникшей во время опытно-экспериментальной деятельности:

- воспитатель решила научить детей работать самостоятельно, не подумала о том, что опытно - экспериментальная деятельность не позволяет работы детей без помощи воспитателя. Ребёнок делает открытие - значит ему необходима помощь в этом, для него это ново, удивительно, непонятно.

- воспитатель должен был сказать: Работайте самостоятельно, но если у вас возникнут какие - либо вопросы или затруднения я вам с удовольствием помогу.

- в любом детском коллективе есть более сильные и более слабые дети, соответственно работа с детьми должна проходить как фронтально, так и индивидуально, а лучше всего групповая.

- воспитатель просит работать молча - дети дошкольного возраста, тем более при проведении опыта чувствуют себя маленькими гениями. В такие моменты они эмоциональны и возбуждены. Дети хотят «выпустить» эмоции наружу, для этого им необходима речь, общение, обсуждение и т.д.

- педагог после окончания опыта просит поднять руку тем детям, которые закончили своё экспериментирование. нельзя забывать, что руки поднимают в школе, в детском саду можно попросить детей



похлопать в ладоши или позвонить в колокольчик.

Ситуация: на занятии по ФЭМП Саша сидит с Миленой. Саша уронила несколько счетных палочек, поняв, что ей недостает, взяла у Милены. Милена стала отнимать свои палочки обратно, Саша, а за ней и Милена заплакали, все дети смотрели на них, занятие невозможно было продолжать.

Причина: детская неспособность к эмпатии, неумение делиться и ждать, возбужденное состояние.

Коучинг: при возникновении этой проблемной ситуации воспитатель прервала занятие и рассказала короткую педагогическую сказку (выдумала по ходу рассказа) про двух медвежат Миленчика и Сашика, которые хотели посчитать бочонки меда с помощью палочек и поделить мед. Сашик случайно сломал одну палочку Миленчика, а за это Миленчик сломал палочку у Сашика, и осталось у них только по две палочки. Тогда Сашик сломал палочку у Миленчика, а медвежонок Миленчик опять сломал палочку Сашика, и у медвежат осталось только по 1 палочке. Сашик отнял последнюю палочку Миленчика и сломал ее, за это Миленчик опять сломал палочку Сашика. И у медвежат не осталось палочек. Они теперь не смогут поделить мед и поесть его. Ребята, давайте поможем Миленчику и Сашика, что им надо было сделать? (Побуждать детей отвечать. Проанализировав свою ситуацию изнутри себя.

Правильные варианты ответов: медвежата должны извиниться, простить и поделиться; считать по очереди. В конце сказки воспитатель обращается к Саше и Милене: «А вы согласны, что медвежата должны не ругаться, а поделиться друг с другом, или считать по очереди?» После ответа, воспитатель дает Саше недостающую палочку и продолжает занятие по плану, предварительно заинтересовав детей, например, так: «Давайте и мы поможем медвежатам посчитать».

Директор как коуч:

- Терпеливо прорабатывает с каждым человеком аспекты его деятельности.
- Постоянно извлекает и помогает извлекать уроки из различных ситуаций и общения с различными людьми.
- Не налагает никаких ограничений на действия сотрудников и всей команды.
- Концентрируется на повышении качества деятельности.
- Предана тем, с кем работает.
- Говорит «мы» и «нас», а не «вы» и «они».
- Подает окружающим пример для подражания.
- Отходит в тень и позволяет другим получать награды.
- Коуч помогает людям выполнить свою работу лучше, чем они это делают сейчас, развивает их навыки и уверенность в себе.

Попробуйте стать коучами – это интересно и полезно для всех.



**БАЛАБАҚША ЖАҒДАЙЫНДА
МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ САУЫҚТЫРУ**

Г. Ш. Мұқашева

*«Балалардың өкпе ауруы интоксикациясының
«Санаторный» балалар бақшасы»*

МКҚК меңгерушісі

Меркі ауданы Жамбыл облысы

Білім мен тәрбие беру саласының алғашқы сатысы балабақшаларда дене тәрбиесі маңызды орын алады. Ол мектеп жасына дейінгі балалардың нығайтуға және өз беттерімен қимылдар жасай білуді үйретуге бағытталған. Баланың физикалық денсаулығының оның жалпы дамуына тікелей байланысты екені баршаға белгілі қағида. Сондықтан да, ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының негізгі саласының бірі – «Денсаулық» деп белгіленген. Біздің балабақша арнайы ұйымдастырылған «Балалардың өкпе ауруы интоксикациясы» бойынша болғандықтан, мектеп алды мекеменің базистық оқу жоспарындағы «Денсаулық» саласына ерекше көңіл бөлінеді. Бұл саланың негізгі міндеті – «денсаулық» адамға табиғат сыйлаған ең маңызды құндылық екендігін балаға түсіндіру қажеттілігі.

«Денсаулық» — адамның жұмыс істеу қабілетінің, оның жеке басының, болашақтағы көңіл-күйінің ізгілігінің, қимылдық белсенділігінің және физикалық даму сапасының жоғары деңгейде болуының кепілі.

Осы міндеттерді баланың физикалық, психикалық, әлеуметтік жағдайының жайлылығын қамтамасыз ететін тұтас жүйе құру арқылы ғана шешуге болады. Сол тұрғыдан алғанда балабақша жұмысына денсаулық сақтау технологияларын енгізу керектігі заман талабы. Оқу-тәрбие үрдісін бала денсаулығына жүктеме болмайтындай, керісінше, оны нығайтуға көмектесетіндей етіп ұйымдастыру керек.

Балабақшаның жұмыс ерекшелігін ескере отырып, бала денсаулығын нығайту және қорғау мәселелері, мектеп алды балалардың физикалық дамуы – біздің мекеме жұмысының негізгі бағыты болып табылады.

Балабақшадағы жұмыс санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтау, тамақтандыруды дұрыс ұйымдастыру, балаларды шынықтыру жүйесін, дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын дамыту, балабақшада жайлы көңіл-күй жасау арқылы жүзеге асырылады. Балабақшадағы сауықтыру жұмысы бақша әкімшілігі және медбике тарапынан жүйелі бақылауда болады.

Оны орындау үшін бақша ұжымы балалардың өмірін қорғау, денсаулығын нығайтудың «Шымырстан» жүйесін жасады. Оның жұмысы 4 (төрт) бағытта: «Шынықтыру», «Емдеу – алдын алу», «Сауықтыру», «Ата-аналармен жұмыс» бойынша жүргізіледі.

Әр топта балаларды сауықтыру шараларының комплексі жасалған: күн тәртібін бұлжытпай орындау, жылу және жарық тәртібін сақтау, санитарлық-гигиеналық талаптарды орындау, оқу іс-әрекетін жүргізу, физикалық жүктемені таңдау, шынықтыру, гимнастиканың әр түрін (тыныс алу, ритмикалық, саусақпен ж.б.) орындау.

Балабақшадағы бала денсаулығын нығайту мақсатында арнайы шынықтырушы шаралар: сумен (денеге құю, душ), ауа және күн ванналары.

Балабақша жағдайына сәйкес шынықтырудың түрлі әдістері жүргізіледі: нүктелік, құрғақ массаж, ояну гимнастикасы, релаксация жаттығулары, т.б. Күз-қыс маусымында емдік шөптен жасалған тұнбалар пайдалану арқылы фитотерапия, ароматерапия жүргіземіз.

Бала денсаулығын нығайту жұмысының негізгі көрсеткішінің бірі – ұтымды тамақтандыруды ұйымдастыру. Бұл жұмыс – бала денсаулығының деңгейін анықтауға, аурудың алдын алуға, еңбекке және сабаққа ынтасын

арттыруға, физикалық және ойлау қабілетін дамытуға, қоршаған ортаға бейімделуге себепші.

Жыл бойы тамақ калориялығы нормаға сәйкес болды:

- нормаға сәйкес теңгерімделген төрт мезгілді тамақтандыру;
- екінші таңертеңгілік ас беру (сусындар, жеміс-жидек, қымыз);
- түскі және түстен кейінгі тамақтандыруға көкөніс және жеміс түрлерін енгізу.

Балалардың белсенді қимылдық әрекеттеріне ерекше көңіл бөлінеді. Топтарда қимылдық белсенділік кестесі жасалған, ұйымдастырылған дене шынықтыру сабақтарынан басқа күн тәртібінде балалардың жас ерекшеліктері мен жеке даму қасиеттеріне қарай өздігінен орындайтын қимылдық ойындар белгіленген.

Балалардың қызығушылық ой-өрісін дамыту, жаз маусымында бақшаға жаңа келген балалардың үйрену кезеңін жылдамдату үшін, олармен түрлі ермектік ойындар, шерулер, сахналық қойылымдар өткізіледі. «Құм күні» ойын-сауығы барысында балалар құмнан түрлі фигуралар, құрылыстар жасап, «Құм терапиясымен» айналысты. «Көңілді ойындар» апталығын өткізгенде балалар түрлі атрибуттармен қазақтың ұлттық ойындарын ойнап, жарыстарға қатысады.

Бала денсаулығын нығайту жұмысына жасалған сараптамаға сәйкес, балабақшада түрлі әдістер пайдаланудың бірнеше жылғы қорытындысының нәтижесінде жұкпалы аурулар жойылғанын, суық тиюден ауру саны төмендегенін және балалар негізгі қабілет, дағдыларды меңгергендігін көрсетті.

Таңертеңгі жаттығулар, дене шынықтыру сабақтары, күнделікті спорттық және таза ауадағы ұлттық қимылдық ойындар, ата-аналармен бірлесіп өткізген іс-шаралар балаларға дене бітімінің дұрыс қалыптасуына, шыдамдылық және өз-өзіне сенімді болуына, көңіл-күйінің көтеріңкі болып, белсенділік танытуына – дәстүрлі, дәстүрден тыс дене шынықтыру жабдықтарын тиімді пайдалану оң нәтижесін береді.

Жүйенің ата-аналармен жұмыс бағытында ақпараттық үгіт, көрмелер, кәсіптік кеңес, сауалнама, дөңгелек стол, конференциялар т.б. іс-шаралар тұрақты өткізіледі.

Оқыту-тәрбие барысында балаларға денсаулық сақтау технологияларын меңгерту олардың ойлау қабілеті, адамгершілік және эстетикалық сезімдері дамып, өз іс-әрекетіне, денсаулығына, шынықтыру шараларына саналы көзқарас қалыптастырады. Сонымен бірге, балаларда ұйымшылдық, қайырымдылық, мақсатты әрекеттер туындайды.

Тәрбиелеу, оқыту жүйесінде осы жұмыс түрлерінің сәйкестігіне кешенді көзқарас жан-жақты дамыған, дені сау азамат тәрбиелеуге себепші болады.





СЕРУЕН АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТА ТУРАЛЫ БІЛІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Э. Қ. Кәкібаева
«Балдырған» балалар
бақшасының меңгерушісі
Жамбыл облысы Меркі ауданы

Балабақша тәрбиеленушілерінің қоршаған орта туралы білімін серуен арқылы қалыптастыру қазіргі таңда балабақшадағы ұйымдастырылуға тиісті жұмыстардың бірі. Себебі, қоршаған орта бала үшін жаңа білім мен тәжірибенің көзі болып табылады. Мектепке дейінгі кезеңде білім қоршаған орта, табиғат жайында қарапайым ұғым беру арқылы баланың дүниетанымын қалыптастырудан басталады. Мектеп жасына дейінгі балалардың ой-өрісін кеңейтудің негізі — айналадағы қоршаған ортамен табиғат құбылыстарын бақылату. Қоғамдық өмір шындығын, табиғат құбылыстарын бақылатып, баланың таным, сезім қабілеттерін жетілдіру басты рөл атқарады.

Балабақшада серуенді ұйымдастыру жұмыстары балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін оятып, қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға тәрбиелейді. Айнала қоршаған дүниені, еңбек адамдарының тіршілігін бақылай отырып балаларды еңбекқорлыққа баулу, эстетикалық талғамдарын қалыптастырудың мәні зор.

Табиғаттың әсемдігін көріп, сезіне білу балалардың өмір тәжірибесін байытып, эстетикалық талғамын дамытады. Бала сәби шақтан бастап-ақ халықтың бай мұрасын бойына сіңіріп өссе, табиғаттың сан сырын, қоршаған ортаны қадірлеуге, қорғауға, сақтауға ынтасы зор болатыны белгілі. Бүгінгі күні адамзаттың алдында тұрған басты мақсаттардың бірі — өзімізді қоршаған табиғи ортадағы жан-жануарлар, өсімдік, өзен, су, ауа және орман тоғайларды қолдан келгенше табиғи күйінде сақтап, болашақ ұрпаққа қаз-қалпында қалдыра білу болып табылады. Оны іске асыру үшін балабақша табалдырығынан бастап балаларға экологиялық білім мен тәрбие беру керек. Ол үшін балабақшада ұйымдастырылатын

серуендер мен экскурсиялардың маңызы өте зор.

Балаларды өсіріп, тәрбиелеуде барлық салалардың маңызы көп, соның ішінде, балаларға табиғатты таныстыру маңызды рөл алады. Балалар күнделікті табиғатпен және түрлі жаңалықтармен кездеседі. Сондықтан да, табиғаттың сұлулығын, жаңалығын түсініп, жан-дүниесімен қабылдап және табиғатты сүйіп, қорғауды үйрету — әрбір тәрбиешінің басты міндеті болып табылады. Тәрбиеші балаларды серуенге алып шыққанда, қоршаған ортаның әрбір кереметін балаларға жеткізіп, олардың санасындағы алуан түрлі ойларын, қиялдарын оятып және оны одан әрі дамытуға тәрбиелеу қажет.

Балабақшада балалар серуенге ықыласпен жиналуы үшін тәрбиеші оның мазмұнын күні бұрын ойластырады, ойыншықтардың көмегімен немесе олардың немен айналысатыны туралы әңгімелесуі арқылы сәбилердің серуенге деген ынтасын туғызады. Егер серуендер мазмұнды да көңілді болса, балалар әдетте серуенге бар ынтасымен шығады.

Серуеннің ең негізгі бөлімі — ойын. Ал, балаларды серуенге шығаруда ең кемінде үш ойын ойналу керек. Күндізгі серуенге ойын таңдағанда, серуеннің алдындағы балалардың айналысқан қызметін есепке алу қажет. Тыныш оқу іс-әрекетінен кейін қозғалысы молдау ойын таңдау қажет. Серуеннің басында барлық топпен ойнау керек. Дене тәрбиесі және музыкалық сабақтарынан кейін қозғалысы орталау ойын жоспарлаған жөн. Ондай ойындарды серуеннің ортасында немесе аяғында ойнату қажет. Балалардың қозғалыс дағдыларын пысықтайтындай, дамитындай жаңа ойындарды жоспарлап жазып үйрету керек. Бір жыл бойы шамамен 10-15 жаңа ойындар



өткізу керек. Ойынды таңдау жыл мезгіліне, ауа райына, серуеннің өткізілу уақытына байланысты. Әрбір топта ойындар картотекасы болу керек. Осы компоненттердің бәрі серуенді қызықты және қанықты етеді. Серуенді ауа-райына, бақылайтын нысанға, өтілген сабақтарға байланысты әр түрлі жүйелілікте жүргізуге болады. Ең бастысы, серуеннің әрбір компоненті балалардың дене тәрбиесінің дамуына, денсаулықтарын шыңдауға, сонымен қатар көңіл-күйлерін көтеруге әсерін тигізеді.

